

Денисов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы № 20 "Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2017 жылғы 30 қарашадағы № 134 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 желтоқсанда № 7427 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2022 жылғы 9 маусымдағы № 44 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 09.06.2022 № 44 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Денисов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Денисов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы № 20 "Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4548 тіркелген, 2014 жылғы 25 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясының төрайымы

Денисов аудандық мәслихатының хатшысы

К. Амантаева

А. Мұрзабаев

КЕЛІСІЛДІ

Қостанай облысы Денисов ауданы

Денисов ауылдық округінің әкімінің
міндетін атқарушы

_____ Б. Достанов

Мәслихаттың
2017 жылғы 30 қарашасындағы
№ 134 шешіміне қосымша
Мәслихаттың
2014 жылғы 28 ақпандағы
№ 20 шешіміне қосымша

**Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің жергілікті
қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің Денисовка ауылының тұрғындары үшін	210
Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің Некрасовка ауылының тұрғындары үшін	40
Қостанай облысы Денисов ауданы Денисов ауылдық округінің Гришенка ауылының тұрғындары үшін	20